

## Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін анықтау туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2022 жылғы 4 мамырдағы № 5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 12 мамырда № 27986 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-9-тармағына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 14-1-бабының 2-тармағына сәйкес, Бұқар жырау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесі осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес анықталсын.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихаттың хатшысы*

*А. Әли*

Бұқар жырау аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 4 мамырдағы  
№ 5 шешіміне 1 қосымша

## Тұрғын үй сертификатының мөлшері

1. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1,5 миллион (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.
2. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1,5 миллион (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Бұқар жырау аудандық  
мәслихатының 2022 жылғы  
04 мамырдағы № 5  
шешіміне 2 қосымша

## Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 27.06.2023 № 8 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

№	Атауы
1.	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
	Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім

2.	балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
3.	Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
4.	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
5.	Толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
6.	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы №154 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18445 болып тіркелген) еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде, сондай-ақ Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдаланудың қағидаларына сәйкес қалыптастырылатын еңбек ресурстарының болжамын ескере отырып айқындалатын Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру және ветеринарияның сұранысқа ие мамандары.